

Бекітемін «  »  
«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Алға ауданының білім бөлімі» ММ,  
«№2 «Айгөлек» бөбекжай  
балабақшасы МКҚК меңгерушісі  
Б.Бердібаева

« 15 » сәуірі 2026 ж

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС – ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

### 1. Жалпы ережелер.

- 1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық балабақша бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін лауазымдық міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті белгілейді.
- 1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындауға жауапты тұлға ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасына сәйкес балабақша меңгерушісінің бұйрығымен тағайындалады.

### 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметінің мақсаттары, міндеттері, қағидалары мен функциялары.

- 2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметі жұмысының негізгі мақсаты №2 «Айгөлек бөбекжай балабақшасы» МКҚК және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.
- 2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметінің міндеттері:
  1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету.
  2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының негізгі қағилаларының сақталуын қамтамасыз ету;
  3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
  4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру;